

А.М. Джалилов^{1*}, С.У. Карибаев², Ж.И. Мулдахметова³, А.К. Шашаев⁴¹ Халықаралық Қожас Ахмет Ясауи атындағы Қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан;^{2,3} М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университеті, Шымкент, Қазақстан;⁴ Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, Алматы, Қазақстан(E-mail: amari_dzhalilov@mail.ru; ksarsebay@mail.ru; zhanar_0869@mail.ru; shashaevaezhan@mail.ru)**1937–1944 жылдары Қазақстанға депортацияланған күрд этносының әлеуметтік-экономикалық жағдайы: тарихи талдау және қазіргі зерттеулер**

Мақала кеңестік және посткеңестік кезеңдегі күрд этносының әлеуметтік-материалдық жағдайын кешенді түрде зерттеуге арналған. КСРО билігі жүргізген ұлттық саясаттың күрд этносына тигізген әсері, олардың депортациясы және арнайы қоныс аударушылар ретінде Қазақстанда өмір сүру ерекшеліктері жан-жақты талданған. Сонымен қатар тарихи құжаттар, архив материалдары, статистикалық деректер мен ғылыми еңбектер негізінде күрд этносының КСРО кезеңіндегі әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайына баға берілген. Зерттеу барысында КСРО билігінің этникалық азшылықтарға қатысты жүргізген саясаты, арнайы қоныс аударушыларға арналған құқықтық шектеулер мен материалдық жағдайлар сараланады. Сонымен қатар, күрд этносының КСРО кезіндегі экономикалық қиындықтары, олардың Қазақстанға қоныстандырылғаннан кейінгі бейімделу үдерісі мен еңбекке араласу мүмкіндіктері зерттелген. Посткеңестік кезеңде этникалық топтардың құқықтық мәртебесінің жақсаруы, күрд этносының әлеуметтік жағдайының өзгерістері, мәдени ерекшеліктерін сақтау мен интеграция мәселелері қарастырылған. Зерттеудің ғылыми маңыздылығы — тарихи деректерді жүйелі талдауға негізделген болса, практикалық маңыздылығы — этносаралық қатынастарды реттеу және тарихи жақты сақтау мәселелеріне үлес қосуында. Бұл зерттеу кеңестік және посткеңестік кезеңдегі күрд этносының дамуын түсінуге, олардың әлеуметтік және материалдық жағдайын бағалауға, сондай-ақ олардың мәдени ерекшеліктерін сақтау жолдарын анықтауға көмектеседі. Сонымен қатар, зерттеу нәтижелері этникалық азшылықтардың көші-қон үдерістерін, олардың жаңа ортаға бейімделу ерекшеліктерін және қоғамдағы орнығу тетіктерін талдауға негіз болады. Тарихи тәжірибе этносаралық тұрақтылықты қамтамасыз ету және көші-қон саясатын онтайландыру жолдарын анықтауға да ықпал етеді.

Кілт сөздер: күрд этносы, депортация, КСРО, арнайы қоныс аударушылар, ұлттық саясат, әлеуметтік-экономикалық жағдай, Қазақстан, этникалық азшылықтар, бейімделу үдерісі, мәдени ерекшеліктер, посткеңестік кезең, тарихи жад, сталинизм, реабилитация.

Kipicne

Кеңес Социалистік Республикалар Одағы (әрі қарай — КСРО) тарихындағы ең ауыр және күрделі құбылыстардың бірі — этнос (грек, *ethnos* — тайпа, халық) [1] өкілдеріне қатысты жүргізілген мәжбүрлі көшіру, яғни депортация (лат. *deportatio* — шығару — мемлекеттен тұлғаны мәжбүрлеп шығару) [2] саясаты. И. Сталин басқарған КСРО өкіметі этностарға тек мәдени сипаттарына қарай емес, олардың саяси сенімділігі мен географиялық орналасуын ескере отырып баға берді. Осыған сәйкес кейбір этностар «сенімсіз» деп танылып, мемлекеттік қауіпсіздік тұрғысынан қатер көзі ретінде қарастырылды. Бұл көзқарас негізінде көптеген этностар депортацияланды. Мұндай жаппай депортациялар КСРО-ның билік жүйесінде этносаралық қатынастарды реттеудің негізгі құралына айналды. XX ғасырдың 1930–1950 жылдары аралығында жүзден астам этнос өкілі туған жерінен аластатылып, Сібір, Қыыр Шығыс, Қазақстан мен Орта Азия республикаларына депортацияланды. Бұл үдеріс ұлттық-мәдени өмірге елеулі нұқсан келтіріп қана қоймай, ұлттық бірегейлік пен демографиялық құрылымға да теріс әсерін тигізді. Осындай саясаттың нәтижесінде мыңдаған адам әлеуметтік күйзеліске ұшырап, өздерінің тарихи-мәдени байланыстарынан ажырады. Әсіресе, 1937 жылдан кейін үдей түскен этностық көшіру науқандары Кеңес Одағының ұлттық мәселелерді шешудегі зорлықшыл тәсілін айқын көрсетті. Депортацияға ұшырағандардың қатарында Кавказ аймағынан — атап айтқанда, Әзербайжан, Армения және Грузиядан — көшірілген күрд этносы де болды. Олар Қазақстан, Қырғызстан, Түрікменстан және Өзбекстанға депортацияланды. Бұл зерттеуде аталған тарихи оқиға аясында Қазақстанға депортацияланған күрдтердің тағдырына, олардың орналасу ерекшеліктеріне, күнкөріс деңгейі мен

* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: amari_dzhalilov@mail.ru

элеуметтік жағдайына назар аударылады. Сондай-ақ, бұл үдерістің КСРО-ның этносаяси стратегиясымен байланысы және оның кеңестік қоғамға ұзақ мерзімді ықпалы ғылыми тұрғыда сарапталады. Сталин дәуіріндегі ұлттық саясаттың басты кемшіліктерінің бірі — ұжымдық жауапкершілік қағидатын қолдану болды. Этностық тиістілік жеке адамның мінез-құлқынан маңыздырақ саналуы — адам құқықтарын өрескел бұзу болып табылды. Мұндай ұстаным КСРО-дағы «интернационализм» саясатына мүлдем қайшы келді. Этностарға қауіп көзі ретінде қарау және оларды депортациялау — отарлық сипаттағы басқару тәсілдерінің бірі болды. КСРО билігі бұл шараларды мемлекеттік мүддені қорғау деп түсіндіргенімен, іс жүзінде ұлттық бірлік пен сенімге үлкен сызат түсірді. Тарихи әділетсіздікке ұшыраған халықтардың жадысында бұл оқиғалар ұзақ уақытқа дейін жазылмас жара болып қалды. Бүгінгі таңда бұл мәселелерді зерттеу — тарихи шындықты қалпына келтіріп, әділет орнатуға бағытталған маңызды қадамдардың бірі.

Материалдар және әдістер

Деректік материалдардың негізін Түркістан облысының Мемлекеттік архиві, Түркістан облысының қоғамдық-саяси тарихының мемлекеттік архиві және Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві қорларындағы материалдар құрайды. Атап айтқанда, Түркістан облысының Мемлекеттік архивіндегі №121 толық қор — Шымкент облыстық еңбекшілер депутаттары кеңесі Атқару комитетінің құжаттарын, Түркістан облысының қоғамдық-саяси тарихының мемлекеттік архивіндегі №40 толық қор — Қазақстан Коммунистік партиясы Шымкент облыстық комитетінің, ал №364 толық қор — Қазақстан Коммунистік партиясы Сарыағаш аудандық комитетінің құжаттарын қамтиды. Сонымен қатар, зерттеу барысында Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архивіндегі №Р-1490 толық қор — Қазақ КСР Ішкі істер халық комиссариаты жанындағы Қоныс аудару бөлімінің құжаттары қолданылды. Аталған қорларда сақталған материалдар күрд этносының Қазақстанға жер аударылғаннан кейінгі элеуметтік, еңбек және тұрмыстық жағдайларын жан-жақты сипаттайтын құнды дереккөздер ретінде қарастырылып, тарихи тұрғыдан терең талдауға негіз болды.

Зерттеу үдерісінде тарихи танымның қағидаттары — тарихилық, жүйелілік және объективтілік — негізге алынды. Тарихилық этнос жағдайын нақты тарихи кезеңде, жүйелілік ішкі және сыртқы байланыстарды саралап, объективтілік архивтік және ғылыми деректерге негізделген бейтарап тұжырымдар жасауға бағытталды. Тарихи әдістер кешенді түрде қолданылды. Тарихи-салыстырмалы әдіс кеңестік және посткеңестік кезеңдердегі күрд этносының жағдайларын салыстырды. Архивтік-деректанулық әдіс ресми құжаттарды талдауға, ал контент-талдау әдісі ғылыми еңбектер мен баспасөз материалдарының мазмұнын саралауға арналды. Тарихи-биографиялық әдіс жеке тұлғалардың өмірбаяндары арқылы кеңестік саясаттың әсерін зерттеді. Этносаяси талдау әдісі этносаралық қатынастарды және күрд этносының құқықтық мәртебесін талдауға бағытталды. Осы әдістердің біріктірілуі күрд этносының депортациядан кейінгі тарихи тағдырын жан-жақты және терең зерттеуге мүмкіндік берді.

Нәтижелері

КСРО өкіметінің ресми құжаттарында «депортация» ұғымының орнына «арнайы қоныс аудару», «еңбек қоныстары» сияқты терминдер қолданылды. КСРО Ішкі істер халық комиссариаты (әрі қарай — КСРО ПХК) бекіткен жер аударылғандар мен айдалғандар туралы ережеде қоныс аудару тұрақты тұрғылықты мекеннен алыстатылып, арнайы белгіленген жерде міндетті түрде тұруды және тиісті органдардың бақылауында болуды білдіретіні көрсетілген. Арнайы қоныс аудару — белгіленген аймақтарға мерзімсіз жер аударуды көздейтін жаза болды. Арнайы қоныс аударылғандарды мемлекеттік маңызы бар нысандардан (эуежайлар, теміржол торабы) кемінде 50 шақырым, ал шекаралық аймақтардан 100 шақырым қашықтықта орналастыру талап етілді. Арнайы қоныстар 100–500 отбасыдан тұрды. Адамдар барактарға орналастырылып, әр отбасыға не бөлме, не бұрыш берілді. Тұрғын ауданының нормасы адам басына 3 шаршы метрді құрады. Арнайы қоныстардың әкімшілік басқаруын КСРО ПХК аудандық және қоныстық комендатуралары жүзеге асырды. Коменданттар қоғамдық тәртіптің сақталуын, қашудың алдын алуды және ең бастысы, арнайы қоныс аударылғандардың еңбек шарттарын орындауын бақылауға міндетті болды. Бұл шарттар КСРО ПХК еңбекпен түзеу колониялары басқармасы мен кәсіпорындар арасында жасалған келісімдерге сәйкес бекітілген еді. Арнайы қоныс аударылғандардың барлығы комендантқа бағынуға міндетті болды.

Коменданттың рұқсатынсыз ешкім барактан басқа жерге көше алмады немесе қоныстан 24 сағаттан артық уақытқа шыға алмады [3; 55].

Ауқымды депортацияның себептерін талдағанда, публицистикалық әдебиеттерде әртүрлі болжамдар айтылатынын, бірақ олардың көпшілігінің негізсіз екенін атап өткен жөн. Депортацияның ресми себебі — жер аударылған этностардың Германиямен ынтымақтастық жасауы немесе сатқындыққа бейімділігі деп түсіндірілді. Алайда, бұл көзқарасты бүгінгі таңда негізді деп қарастыру мүмкін емес. Сонымен қатар, сталиндік режимнің ұлттық азшылықтарға сенімсіздікпен қарағаны анық. КСРО билігі оларды этникалық тұрғыдан шекаралас елдердің этностарына жақын деп санады. Бұл, әсіресе, Түркияға жақын орналасқан күрдтерге қатысты болды. КСРО билігі күрдтерді Түркиямен туыскандық байланыстар негізінде жақындасуынан күдіктенді. КСРО ПХК басшылығына жолданған баяндамаларда 1945 жылдың қазанына қарай арнайы қоныс аударылғандардың жалпы саны 88,8 мың адамды құрағаны айтылған. Олардың қатарында түріктер, хемшиндер және күрдтер болған [3; 56].

1937 жылдың көктемінен бастап, әсіресе сол жылдың күзі мен 1938 жылдың басында, Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасына (әрі қарай — Қазақ КСР) арнайы қызметтердің комендатура отрядтарының қатаң бақылауымен (негізінде конвоймен) жүк пойыздары арқылы депортацияланған күрдтер келе бастады. Бұл кезең туралы архив құжаттары куәлік етеді. 1938 жылғы 15 желтоқсанда Оңтүстік Қазақстан облыстық ПХК басшысы Титов пен ПХК 1-бөлімшесінің басшысы Пирогов облыстық атқару комитетінің төрағасы Қойшығұловқа жолдаған құпия баянхатында күрд қоныс аударушыларының жағдайын өте ауыр деп сипаттайды. Олардың көпшілігі тұрмыстық ең қажетті заттардан — шам, үстел, орындық, ыдыс-аяқ, керосиннен — таршылық көріп отыр. Әсіресе оқушылар киім мен аяқ киімге мұқтаж, 15 %-ы аяқ киімсіз. Медициналық көмек тиісті деңгейде көрсетілмейді, көптеген ұжымшарларда медпункт мүлде жоқ немесе 30 шақырым қашықта орналасқан. Мектептер жылусыз, жабдықталуы мен санитарлық жағдайы сын көтермейді. Мысалы, Жамбыл облысы Талас ауданындағы Қасқабұлақ ұжымшарында мектеп бюджетінде еден жуушы, жарық пен жылуға қаржы бөлінбеген. Азық-түлік тапшылығы айқын байқалады, әсіресе Созақ ауданындағы кейбір шаруашылықтар мүлде күнкөріс қаражатынсыз қалған. Кооперативтік ұйымдар қоныс аударушыларды нан және өнеркәсіп тауарларымен қамтумен айналыспаған [4; 135].

Қазақстан күрд этносы үшін табиғи-климаттық жағдай мүлде жат болды: қатаң континенттік климат пен ауыл шаруашылығының өзгеше сипаты үлкен қиындықтар туғызды. Барлық мүлкін туған жерінде қалдырған қоныс аударушылар кедейлікке ұшырап, жергілікті билік тарапынан айтарлықтай қолдау көрмеді. Қазақ тілін білмейтін, білім деңгейі төмен немесе сауатсыз адамдар үрейлі жағдайда өмір сүрді. Қоныс аударушылардың басым бөлігін арнайы білімі мен кәсібі жоқ әйелдер мен балалар құрады, бұл олардың отбасына көмектесу мүмкіндігін шектеді. Дегенмен, 1938 жылдан бастап материалдық көмек көрсетіле бастады. Мысалы, 1938 жылғы 3 наурызда қабылданған Қазақ КСР Халық Комиссарлар Кеңесі мен Қазақстан Коммунистік (большевиктер) партиясы Орталық Комитетінің қаулысына сәйкес, Оңтүстік Қазақстан облысында қоныс аударушыларды шаруашылыққа орналастыру жоспары бекітілді. Қаулы бойынша, мемлекеттік қор жерлерінде 288 қоныс аударушы шаруашылық жеке ұжымшар ретінде ұйымдастырылып, тағы 374 шаруашылық өнеркәсіптік, мемлекеттік, кооперативтік мекемелер мен ұйымдарға жұмысқа тартылуы тиіс болды [5; 2–5].

1941 жылы Ұлы Отан соғысының басталысымен КСРО-да жаппай депортацияның жаңа толқыны басталды. Күрд этносы екінші рет депортацияға ұшырады. 1944 жылдың наурыз айының соңында 608 күрд және әзербайжан отбасын (барлығы 3240 адам) — Тбилиси қаласының тұрғындарын Грузин КСР-інің ішіндегі Цалка, Борчалы және Караяз аудандарына күштеп қоныстандырды [6; 128].

Бұл жолы да депортациядан кейін күрд этносы ауыр материалдық жағдайға тап болды. Оңтүстік Қазақстандағы арнайы қоныс аударушылардың мүшкіл халі 1945 жылы Оңтүстік Қазақстан облыстық басқармасы басшысының орынбасары Ерназаровтың Облыстық Кеңес атқару комитеті төрағасының орынбасары Светловқа жіберген аса құпия баяндамасында расталады. Аталған баяндамада 1945 жылғы 25 сәуірдегі жағдай бойынша Оңтүстік Қазақстан облысы аумағында Солтүстік Кавказдан, Грузин КСР-інен арнайы қоныс аударылғандар, немістер, бұрынғы кулактар мен әлеуметтік жер аударылғандар — барлығы 19 299 отбасы немесе 67 369 адам қоныстанғаны көрсетіледі. Олардың ішінде 31 108 адам аса мұқтаж ретінде есепке алынған, ал 4651 адам әртүрлі аурулардан және ауыр жағдайдан зардап шеккен. 1945 жылдың бірінші тоқсаны мен сәуір айында

2917 адам қайтыс болған. 1944 жылы сәуір айында депортацияланған этностарға әлеуметтік көмек көрсетілді (1–кесте).

1 – к е с т е

1944 жылы Солтүстік Кавказ және Грузин КСР-інен қоныс аударылғандарға көрсетілген азық-түлік көмегі

Ай/Аймақ	Ұн (кг)	Жарма (кг)	Қант (кг)	Тұз (кг)	Арпа (кг)
1944 ж. сәуір (Солтүстік Кавказ)	2 906 614	94 818	3 800	28 000	-
1944 ж. қаңтар (Грузин КСР)	5 450	-	-	-	-
1944 ж. ақпан, наурыз, сәуір	201 750	41 000	-	-	37 500

Алайда арнайы қоныс аударушылар шоғырланған өңірлерде аудандық тұтыну кооперациялары мен шаруашылық ұйымдарының азық-түлікті уақтылы жеткізбеуі салдарынан қорлар тиімсіз жиналып, қоныс аударушылар арасында наразылықтар туындады. 1945 жылғы 30 сәуірде Оңтүстік Қазақстан облыстық басқармасы басшысының орынбасары Ерназаров облыстық атқару комитеті төрағасының орынбасары Светловқа жолдаған баяндамасында бірқатар заңбұзушылықтарды атап өтеді. Мәселен, Чимкент ауданындағы Калинин ауылдық тұтыну қоғамының экспедиторы Сайдахметов 598 кг ұн мен 31 кг жарманы ұрлағаны үшін қамауға алынып, ұн тәркіленді. Ленгер ауданында тұтыну қоғамының қызметкерлері 10 тонна ұнды мақсатсыз жұмсап, кейін ол қорлардан қайта өндірілді. Киров ауданындағы бірқатар ұжымшар басшылары мен аудандық тұтыну қоғамы 4580 кг ұнды заңсыз пайдаланған. Бостандық ауданында комендант Керимов 3072 кг азық-түлікті жымқырып, оның ісі Ішкі істер халық комиссариатының арнайы инспекциясына жолданды. Сонымен қатар, 3360 кг ұнның шығыны өтелмегені атап өтілген. Шаян ауданында шай мен сабын толық көлемде жеткізілмей, таратуда іркілістер байқалды. «Сырдария» кеңшары директоры Аскенбеков 41 отбасынан асыраушы куәліктерін тартып алып, оларды бірнеше күн нансыз қалдырған. Еңбекке жарамды қоныс аударушыларды жұмысқа тарту да қиын болды: кейбір ұжымшар басшылары оларды еңбекке қабілетсіз деп танып, жұмысқа қабылдаудан бас тартты. Мысалы, Жуалы ауданындағы «Победа» және «Новая жизнь» ұжымшарларының төрағалары арнайы қоныс аударушыларды артелдерге қабылдамай, олардың басқармалардан шығарылуына ықпал еткен. Мұндай әрекеттер жергілікті тұрғындар мен қоныс аударушылар арасында әлеуметтік шиеленіс туғызды. Тіршілікке қажетті құралдардан айырылған қоныс аударушылар кей жағдайларда қылмыстық әрекеттерге баруға мәжбүр болды [7; 1-5].

Мұрағат құжаттары Қазақстанға жер аударылған этностардың, соның ішінде күрдтердің де ауыр материалдық жағдайын көрсетеді. Республиканың әлеуметтік-экономикалық қиындықтарына қарамастан, жергілікті халық оларға қонақжайлық танытты. 1945 жылдан бастап арнайы қоныс аударушылардың жағдайын жақсартуға бағытталған мемлекеттік шаралар қолға алынды. Атап айтқанда, 1945 жылғы 30 наурыздағы № 179-32сс қаулы негізінде Грузиядан қоныс аударғандарға мүлктік өтемақы беру тәртібі бекітілді. Осыған сәйкес, 2203 бас ірі қара (396,5 т) мен 2203 бас қой (77,1 т) бөлініп, бақтар мен омарталардың шығынын өтеу үшін Ауыл шаруашылығы банкі 892,2 мың КСРО рублін қаржылай көмек ретінде бөлді. Бұл қаражатты қоныс аударушыларға тарату аудандық атқару комитеттеріне жүктелді [8; 15-17].

1950 жылдардың басынан бастап арнайы қоныс аударушыларға жәрдемақы беріле бастады. 1952 жылы Оңтүстік Қазақстан (қазіргі Түркістан облысы) облысында тұратын Грузиядан жер аударылған арнайы қоныс аударушыларға, оның ішінде күрдтерге де, одақтық бюджеттен 1 080 000 КСРО рублі бөлінген еді [9; 8].

1958 жылғы 13 мамырдағы Кеңес Одағы Коммунистік партиясы Орталық Комитеті Президиумының шешімі негізінде арнайы қоныс аударушыларға қатысты құқықтық шектеулерді жоюға дайындық жүргізілді. Бұл шара ұлтшыл ұйымдардың мүшелері мен олардың туыстары, бұрынғы кулактар, помещиктер, фабриканттар, буржуазиялық партиялар мен антисоветтік ұйым өкілдерін де қамтыды. Осыған орай, Қазақстан Коммунистік партиясының Оңтүстік Қазақстан облыстық комитеті түсіндіру жұмыстарын ұйымдастырып, қоныс аударушыларды ұжымшарлар мен кеңшарлардағы еңбекке тарту шараларын қабылдады. Дегенмен, Ішкі істер басқармасы олардың

мүліктерін қайтару және бұрынғы тұрғылықты жерлеріне кедергісіз оралу құқығы берілмейтінін мәлімдеді. Қайта қоныстану тек жергілікті Кеңестердің атқару комитеттері арқылы жүзеге асырылуы мүмкін болды [10; 4-5].

Қазақстан Коммунисттік партиясы Оңтүстік Қазақстан облыстық комитетінің қаулысына сәйкес, Грузиядан келген арнайы қоныс аударушыларды, соның ішінде күрдтерді, ұжымшарлар мен кеңестік шаруашылыққа орналастыру үшін арнайы комиссия құрылды. Сондай-ақ, аудандық партия комитеттері мен аудандық атқару комитеттеріне қоныс аударушыларды уақтылы орналастыру, еңбекпен қамту, олар үшін қажетті өндірістік және тұрмыстық жағдайлар жасау, саяси-түсіндіру жұмыстарын жүргізу міндеттелді [11; 18].

Алматы облысына қоныс аударған күрд этносының әлеуметтік-экономикалық жағдайы қиын болды. 1938 жылғы 11 қарашада Қазақ КСР Халық Комиссарлары Кеңесінің баяндамасында Облыстық жер басқармасы ІХК босқындар басқармасына күрдтер, армяндар және корейлер үшін кешенді шаруашылық құрылысын ұйымдастыру қажеттігін атап өткен. Алайда арнайы басқару аппараты құрылмай, құрылыс жұмыстарын жалғыз құрылыс технигі ғана атқарды. Қоныс аударушыларды басқару бөлімі болмады, бұл шаруашылық құрылысты тиісті басқарусыз қалдырды. 1938 жылғы 13 қыркүйектегі босқындарға арналған топ құру туралы қаулыға қарамастан, ІХК мен Ауыл шаруашылығы банкі қажетті қаржы бөлмей, көмек көрсету шаралары жүзеге аспады. 16 қыркүйектегі өтінішке қарамастан, облыстық атқарушы комитеті қаржы тапшылығы туралы хабарламады [12; 5].

КСРО ІХК мен Республикалық Ауыл шаруашылығы банкінің қателіктері салдарынан күрдтер мен армяндарға бөлінген 300 рубль қаржы бір айға кешіктірілді, бұл құрылыс материалдарын сатып алуға қиындық тудырды. Құрылыс материалдарының жетіспеушілігінен мал шаруашылығына арналған ағаштар пайдаланылды. Қызылжар ауданына 10 қарашада ғана 5 вагон ағаш жеткізілді. Қоныс аударушыларға бөлінген 550-800 рубль жаңа үйлер тұрғызуға жеткіліксіз болды, олар көбіне ұжымшар мүшелерінің бос үйлеріне орналастырылды немесе жөндеуге мәжбүр болды. Қоныс аударушылардың кеш қоныстануы мен әлсіз қаржылық жағдайы облыстық Атқарушы комитетінің ХКК-дан азық-түлік көмек сұрауына әкелді. Жергілікті биліктің ақпаратты уақтылы бермеуі дайындықтың әлсіздігін көрсетті [12; 6].

1953 жылы Кеңес Одағы Коммунистік Партиясының Бас хатшысы И.В. Сталин қайтыс болғаннан кейін КСРО-да депортацияланған этностарға қатысты саясатты қайта қарастырумен байланысты десталинизация үрдісі басталды. Н.С. Хрущёв билікке келгеннен кейін сталиндік қуғын-сүргін жылдарында зардап шеккен көптеген этностарды біртіндеп ақтау үрдісі жүзеге асырыла бастады. Осы тұрғыда 1956 жылғы 28 сәуірде КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының арнайы қаулысы шығарылып, 1943–1944 жылдары Солтүстік Кавказдан, Грузин КСР-інен және Қырымнан депортацияланған қырым татарларына, балқарларға, КСРО азаматтары болып табылатын түріктерге, күрдтерге, хемшилдерге және олардың отбасыларына салынған арнайы шектеулер алынып тасталды. Құжатта бұл шектеулерді әрі қарай сақтаудың қажеті жоқ екені атап өтілді. Депортацияланған халықтар КСРО Ішкі істер министрлігінің әкімшілік бақылауынан босатылып, арнайы қоныстанушылар есебінен шығарылды. Алайда, бұл қаулы олардың жер аударылған кезде тәркіленген мүлкін қайтаруды көздемеді және бұрынғы мекендеріне қайта оралу құқығын бермеді [13].

Талқылау

Кеңестік және посткеңестік кеңістікте күрд этносы мен күрд мәселесін зерттеу бойынша елеулі ғылыми дәстүр қалыптасқан. Бұл бағыттағы алғашқы іргелі зерттеулердің бірі 1932 жылы А.С. Букшпан тарапынан жарияланған. Ол өз еңбегінде Әзербайжан аумағындағы күрдтердің орналасуы, әлеуметтік құрылымы және тұрмыстық салт-дәстүрлеріне сипаттама берген [14].

1960 жылдары күрд мәселесіне қызығушылық артты. 1961 жылы О.Л. Вильчевский Иран Күрдістанындағы ұлттық қозғалыстардың тарихына, олардың саяси сипатына тоқталып, күрдтер мен Иран арасындағы қарым-қатынасқа талдау жасайды [15]. 1963 жылы Н.А. Халфин Түркия мен Ирандағы күрд ұлт-азаттық қозғалыстарының ерекшеліктерін, олардың тарихи себептері мен даму кезеңдерін сипаттайды [16]. 1964 жылы М.С. Лазарев өз еңбегінде XX ғасырдың басындағы Осман империясындағы күрд ұлт-азаттық қозғалысының сипатын, күрдтердің ұлт ретінде қалыптасу жолын және Осман мемлекетінің оған реакциясын зерттеді [17]. Ал В.П. Никитин Таяу Шығыстағы күрд мәселесінің халықаралық саяси аспектілеріне назар аударды, күрдтер мен аймақтағы басқа халықтар

арасындағы тарихи өзара әрекеттестікті қарастырды [18]. 1966 жылы Т.Ф. Аристова күрдтердің материалдық мәдениеті мен дәстүрлі шаруашылық жүйесін, сондай-ақ отбасылық құрылымын этнографиялық тұрғыдан зерттеді [19]. Дәл сол кезеңде Д.Д. Джалилов күрд халқының фольклоры мен әдебиетінің ерекшеліктерін, сондай-ақ ұлттық сананың қалыптасуындағы рөлін қарастырды [20]. Ал Х.М. Чатоев күрдтердің тарихи географиясы мен қоныстану аумағын, олардың көрші халықтармен этномәдени байланыстарын саралады [21].

1972 жылы К.К. Курдоев күрд тілінің диалектілік ерекшеліктері мен лексикалық құрамын, сондай-ақ тілдің тарихи дамуын зерттеді. Ол күрд тілі мен мәдениетінің өзара байланысын да тереңнен талдады [22].

1980 жылдары күрд мәселесін зерттеу әлеуметтік-саяси тұрғыдан кеңейе түсті. 1984 жылы А.М. Ментешевшили кеңестік Әзербайжан аумағындағы күрдтердің әлеуметтік жағдайын, шаруашылық жүргізу әдістерін және ұлтаралық қатынастарын зерттеді [23]. 1987 жылы М.А. Гасратян, М.С. Лазарев және Ш.Х. Мгоян бірлесіп жазған еңбекте XX ғасыр басындағы Күрдістандағы ұлт-азаттық қозғалыстарға кең шолу жасалып, олардың идеологиялық негіздері мен халықаралық қатынастарға ықпалы қарастырылды [24]. Сол жылы А.П. Поладян күрдтердің ерте ортағасырлық тарихына тоқталып, сол дәуірдегі күрд феодалдық құрылымдарының қалыптасуы мен аймақтағы геосаяси рөліне назар аударды [25]. 1988 жылы О.В. Жигалина Ирандағы күрд ұлт-азаттық қозғалысының 1979 жылғы ислам революциясынан кейінгі кезеңін, күрдтер мен орталық билік арасындағы қақтығыстарды және автономия үшін күресті сипаттады [26].

1990 жылы Т.Ф. Аристова күрдтердің дәстүрлі киім-кешегі, колөнері мен тұрғын үй құрылысын зерттеді, бұл арқылы олардың этникалық бірегейлігін айқындайтын мәдени кодтарын ашып көрсетті [27]. Ал М.А. Гасратян Түркиядағы күрдтерге жүргізіліп отырған репрессивтік саясатты, олардың құқықтық шектеулерге ұшырауын және саяси ұйымдарының қысымға алынуын зерттеді [28]. 1991 жылы Е.И. Васильева Солтүстік Ирактағы күрд автономиялық үдерістерін, олардың халықаралық қатынастарға әсерін және аймақтағы тұрақсыздықпен байланысын талдады [29]. Ал Ш.Х. Мгой Күрдістандағы этнополитикалық ахуал мен тарихи үдерістердің диахронды дамуын саралап көрсетті [30].

Зерттеудің осал жақтары негізінен КСРО кезеңіндегі ғылыми еңбектерде күрд этносының депортациясы мәселесінің толыққанды қарастырылмағандығында жатыр. Бұл кезеңде зерттеушілер көбінесе күрд этносының этногенезі, тілі, тұрмыс-салты, мәдениеті мен этнографиялық ерекшеліктерін сипаттауға баса назар аударған. Алайда КСРО аумағында жүзеге асқан күрдтердің депортациясы, оның саяси және әлеуметтік себептері мен салдарлары ғылыми зерттеу объектісінен тыс қалып қойған. Сондықтан кеңестік дәуірдегі әдебиетте күрд этносының XX ғасырдағы тарихи тағдырының маңызды бөлігі — депортация — терең әрі жан-жақты талдауға ұшырамаған. Бұл өз кезегінде қазіргі күрд этносының тарихын объективті тұрғыда зерделеуге белгілі бір дәрежеде кедергі келтіреді.

Қазақстандағы күрдтерге қатысты зерттеулер де назардан тыс қалған жоқ. 2001 жылы К.И. Мирзоев Кеңестік кезеңде күрдтердің Қазақстанға еріксіз көшірілу тарихын, олардың қоныстану аумағын және әлеуметтік жағдайын сипаттады [31]. 2003 жылы Н.К. Надилов Қазақстандағы күрд қауымдастығының қалыптасу жолын, диаспора мүшелерінің естеліктерін және тарихи санадағы орнына тоқталды [32]. 2010 жылы Л.Т. Исаева архив материалдары негізінде Қазақстанға күрдтердің жер аударылу себептері мен кезеңдерін, сондай-ақ әкімшілік органдардың атқарған рөлін зерттеді [33]. 2016 жылы К.И. Мирзоев Қазақстандағы күрд қауымының қазіргі жағдайын, ұлттық мәдениетті сақтау жолдарын және қоғамдық ұйымдардың қызметін сипаттады [34]. 2019 жылы А.М. Джалилов Грузиядан Қазақстанға 1944 жылы күрдтердің депортациялану үдерісін архив құжаттары негізінде зерттеп, қоныс аудару бағыттарын, тұрмыстық жағдайларын және бейімделу механизмдерін талдады [35]. 2021 жылы В.Г. Набиев Қазақстандағы күрд диаспорасының қалыптасу ерекшеліктеріне, этникалық бірегейлікті сақтау жолдарына және ұлтаралық қатынастарға әсерін зерттеді [36]. Ал 2024 жылы А.Е. Кубашев заманауи халықаралық жағдай аясында Қазақстан күрдтерінің саяси және мәдени өзіндік болмысын сақтау мәселелерін қарастырды [37].

Ресейлік зерттеушілер де бұл тақырыпты кеңінен қарастырған. 2012 жылы Н.Ф. Бугай Кеңестік кезеңдегі күрдтердің саяси-құқықтық жағдайын, жер аудару себептері мен салдарын терең зерттеді [38], 2013 жылы эмиграция мен репатриация процестерін, күрдтердің тарихи отанына оралу мүмкіндіктерін қарастырды [39]. 2015 жылы И.В. Радиков пен М. Тозал Ресей Федерациясындағы

күрдтердің этникалық бірегейлігін сақтау саясаты, діни-мәдени өмірі және мемлекеттік құрылымдармен өзара қатынасын зерттеді [3].

Осылайша, қазақстандық тарихнама көбінесе күрд этносының Қазақстан аумағына көші-қон тарихын, олардың әлеуметтік-экономикалық бейімделу үдерісін, жергілікті қоғаммен қарым-қатынасын және мәдени сәйкестігінің сақталуын зерттеуге бағытталған. Бұл еңбектерде депортацияның барысы мен салдары, сонымен қатар күрдтердің жаңа ортаға бейімделу тетіктері мен этноәлеуметтік өзгерістері негізгі назарда болады. Ал ресейлік зерттеушілер болса, бұл мәселені көбінесе кеңестік және посткеңестік кезеңдердегі мемлекеттік саясат, құқықтық негіздер және этникалық сәйкестік контекстінде қарастырады. Олар күрд этносына қатысты қабылданған саяси шешімдерді, депортациялық үдерістердің астарларын және мемлекеттің этносаралық қатынастарды реттеу тәжірибесін талдауға басымдық беруде.

Қорытынды

Зерттеу нәтижелері күрд этносының КСРО-дағы депортациядан кейінгі әлеуметтік-материалдық жағдайының күрделі болғанын көрсетеді. Күрд этносы депортация нәтижесінде тұрғылықты жерінен айырылып, Қазақстан мен Орта Азияның басқа аймақтарына күштеп қоныстандырылды. Арнайы қоныс аударушылар ретінде олар қатаң әкімшілік бақылауда өмір сүрді, еңбек ету құқығы шектелді, медициналық және білім беру қызметтеріне қолжетімділігі төмен болды. Депортацияланған күрдтердің көпшілігі кедейлік жағдайында өмір сүріп, жаңа ортаға бейімделу барысында күрделі қиындықтарға тап болды. Зерттеу барысында анықталған негізгі нәтиже — депортацияланған күрдтердің құқықтық мәртебесі мен әлеуметтік жағдайы тек КСРО ыдырағаннан кейін ғана жақсара бастағаны. Посткеңестік кезеңде күрд этносының құқықтық шектеулері жойылып, олардың мәдени өзіндік ерекшеліктерін сақтау мен этникалық интеграция процестері күшейді. Бұл өзгерістер, әсіресе, Қазақстандағы этносаралық қатынастардың тұрақтануына оң ықпал етті. Зерттеудің ғылыми құндылығы — тарихи құжаттар мен архив материалдары негізінде күрд этносының депортациядан кейінгі әлеуметтік-экономикалық жағдайын жүйелі түрде талдауында жатыр. Бұл зерттеу этносаралық қатынастар мен көші-қон саясатында қолданылатын тарихи тәжірибені түсінуге маңызды үлес қосады. Тәжірибелік маңыздылығы — зерттеу нәтижелері этникалық азшылықтардың интеграция мәселелерін, тарихи әділеттілікті қалпына келтіру саясатын қалыптастыруда пайдаланылуы мүмкін. Зерттеу нәтижелері көші-қон саясаты, этникалық азшылықтардың әлеуметтік бейімделуі, тарихи жад пен этносаралық қатынастар салаларында қолданылуы мүмкін. Күрд этносының КСРО дәуіріндегі әлеуметтік-материалдық жағдайын терең зерттеу Қазақстандағы және басқа посткеңестік елдердегі этносаралық процестерді басқару стратегияларын әзірлеуге көмектеседі.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Этнос. — [Электронный ресурс]. — Skysmart. — Режим доступа: <https://skysmart.ru/articles/obshchestvo/etnos>
- 2 Депортация. — [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://rus-gos.spbu.ru/index.php/words/show/4929>
- 3 Радиков И.В. Курдское национальное меньшинство в России: два века решения проблемы сохранения этнической самобытности / И.В. Радиков, М. Тозал // Политическая экспертиза: ПОЛИТЭК. — 2015. — Т. 11. — № 2. — С. 50–60.
- 4 ТОГА. — Ф. 121. — Оп. 6. — Д. 1. — Л. 134–143.
- 5 ГАОПИТО. — Ф. 40. — Оп. 2. — Д. 574. — Л. 2–5.
- 6 Полян П.М. Не по своей воле: история и география принудительных миграций в СССР / П.М. Полян. — М.: ОГИ — Мемориал, 2001. — 329 с.
- 7 ТОГА. — Ф. 121. — Оп. 1. — Д. 1313. — Л. 1–5.
- 8 ГАОПИТО. — Ф. 40. — Оп. 8. — Д. 109. — Л. 15–17.
- 9 ТОГА. — Ф. 121. — Оп. 6. — Д. 54. — Л. 8.
- 10 ГАОПИТО. — Ф. 40. — Оп. 9. — Д. 3979. — Л. 4–5.
- 11 ГАОПИТО. — Ф. 364. — Оп. 1. — Д. 880. — Л. 18.
- 12 ЦГА РК. — Ф. Р — 1490. — Оп. 1. — Д. 13. — Л. 5–6.

- 13 Указ Президиума Верховного Совета СССР № 135-142 «О снятии ограничений по спецпоселению с крымских татар, балкарцев, турок, граждан СССР, курдов, хемшинов и членов их семей, выселенных в период Великой Отечественной войны, 28 апреля 1956 г.». — [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://docs.historyrussia.org/ru/nodes/165836>.
- 14 Букшпан А.С. Азербайджанские курды. Лачын, Кельбаджар, Нах. ССР. Заметки / А.С. Букшпан. — Баку: Азербайджанский Гос. научно-исследовательский институт, Отделение Востока, 1932. — 94 с.
- 15 Вильчевский О.Л. Курды. Введение в этническую историю курдского народа / О.Л. Вильчевский. — Л.: Изд-во Академии наук СССР, 1961. — 164 с.
- 16 Халфин Н.А. Борьба за Курдистан: курдский вопрос в международных отношениях XIX века / Н.А. Халфин. — М.: Издательство восточной литературы, 1963. — 171 с.
- 17 Лазарев М.С. Курдистан и курдская проблема (90-е годы XIX века — 1917 г.) / М.С. Лазарев. — М.: Наука, 1964. — 400 с.
- 18 Никитин В.П. Курды / В.П. Никитин. — М.: Прогресс, 1964. — 226 с.
- 19 Аристова Т.Ф. Курды Закавказья: историко-этнографический очерк / Т.Ф. Аристова; отв. ред. Н.А. Халфин; АН СССР, Институт этнографии. — М.: Наука, Главная редакция восточной литературы, 1966. — 210 с.
- 20 Джалилов Д.Д. Восстание курдов 1880 года / Д.Д. Джалилов. — М.: Наука, 1966. — 132 с.
- 21 Чатоев Х.М. Курды Советской Армении. Исторический очерк (1920–1940) / Х.М. Чатоев; Акад. наук Арм. ССР, Сектор востоковедения. — Ереван: Изд-во Акад. наук Арм. ССР, 1965. — 154 с.
- 22 Курдоев К.К. Курдоведение / К.К. Курдоев // Азиатский музей — Ленинградское отделение Института востоковедения АН СССР. — М.: Наука, ГРВЛ, 1972. — С. 386–399.
- 23 Ментешевилли А.М. Курды: Очерки общественно-экономических отношений, культуры и быта / А.М. Ментешевилли. — М.: Наука, 1984. — 238 с.
- 24 Гасратян М.А. Курдское движение в Новое и Новейшее время / М.А. Гасратян, М.С. Лазарев, Ш.Х. Мгоян. — М.: Наука, 1987. — 303 с.
- 25 Поладян А.П. Курды в VII-X веках (по арабским источникам) / А.П. Поладян. — Ереван: Изд-во АН АрмССР, 1987. — 137 с.
- 26 Жигалина О.В. Национальное движение курдов в Иране (1918–1947 гг.) / О.В. Жигалина. — М.: Наука, 1988. — 170 с.
- 27 Аристова Т.Ф. Материальная культура курдов XIX — первой половины XX в.: Проблема традиционно-культурной общности / Т.Ф. Аристова. — М.: Наука, Главная редакция восточной литературы, 1990. — 231 с.
- 28 Гасратян М.А. Курды в Турции в Новейшее время / М.А. Гасратян. — Ереван: Айастан, 1990. — 385 с.
- 29 Васильева Е.И. Юго-Восточный Курдистан в XVII — начале XIX века: Очерки истории эмиратов Арделан и Бабан / Е.И. Васильева. — М.: Наука, 1991. — 260 с.
- 30 Мгоян Ш.Х. Курдский национальный вопрос в Ираке в новейшее время / Ш.Х. Мгоян. — М.: Наука, Главная редакция восточной литературы, 1991. — 330 с.
- 31 Мирзоев К.И. Курды. Малая энциклопедия: (очерки истории и культуры) / К.И. Мирзоев. — Алматы, 2001. — 304 с.
- 32 Надиров Н.К. Мы, курды-казахстанцы: научное издание / Н.К. Надиров. — Алматы: Print-S, 2003. — 556 с.
- 33 Исаева Л.Т. К вопросу истории переселения курдов в Казахстан / Л.Т. Исаева // Вестник Костанайского государственного педагогического института. — 2010. — № 3 (19). — С. 89–92.
- 34 Mirzoyev K.I. Kurds of Kazakhstan and Central Asia / K.I. Mirzoyev // International Journal of Kurdish Studies. — Vol. 2, No. 1. — P. 67–95.
- 35 Джалилов А.М. Депортация курдов из Грузии в Казахстан / А.М. Джалилов // QAZAQSTANÝ. — 2019. — № 4. — С. 281–286.
- 36 Набиев В.Г. Күрд диаспорасының қалыптасу ерекшеліктері / В.Г. Набиев // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. Әлеуметтану және саяси ғылымдар сериясы. — 2021. — № 75 (3). — Б. 40–47.
- 37 Кубашев А.Е. Курдская диаспора Казахстана в новой геополитической и геоэкономической реальности / А.Е. Кубашев // Известия Казахского университета международных отношений и мировых языков имени Абылай хана. Серия: Международные отношения и регионоведение. — 2024. — № 4 (58). — С. 124–136.
- 38 Бугай Н.Ф. Курдский мир России: политико-правовая практика, интеграция, этнокультурное возрождение (1917–2010-е годы) / Н.Ф. Бугай. — СПб.: Алетей, 2012. — 480 с.
- 39 Бугай Н.Ф. И.В. Сталин и курды в Союзе ССР: от эмиграции до репатриации. 1940–1950-е годы / Н.Ф. Бугай // Приволжский научный вестник. — 2013. — № 5 (21). — С. 31–46.

А.М. Джалилов, С.У. Карибаев, Ж.И. Мулдахметова, А.К. Шашаев

**Социально-экономическое положение курдского этноса,
депортированного в Казахстан в 1937–1944 годах:
исторический анализ и современные исследования**

Данная научная статья посвящена комплексному исследованию социально-материального положения курдского этноса в советский и постсоветский период. Рассматривается влияние национальной политики, проводимой властями СССР в отношении курдского этноса, его депортация и особенности жизни в Казахстане в статусе спецпереселенцев. В статье, опираясь на исторические документы, архивные материалы, статистические данные и научные исследования, дана оценка социально-экономического и политического положения курдского этноса в советский период. В рамках исследования анализируется политика СССР в отношении этнических меньшинств, правовые ограничения и материальные условия, установленные для спецпереселенцев. Кроме того, рассматриваются экономические трудности, с которыми столкнулся курдский этнос в годы СССР, процесс адаптации в Казахстане после переселения, а также возможности трудовой интеграции. В постсоветский период изучаются вопросы улучшения правового статуса этнических групп, изменения социального положения курдского этноса, сохранения его культурных особенностей и проблемы интеграции. Научная значимость исследования заключается в системном анализе исторических данных, а практическая ценность — в содействии регулированию межэтнических отношений и сохранению исторической памяти. Данное исследование позволяет глубже понять развитие курдского этноса в советский и постсоветский периоды, оценить его социально-материальное положение и выявить пути сохранения культурных особенностей. Кроме того, полученные результаты служат основой для анализа миграционных процессов этнических меньшинств, их адаптации в новой среде и механизмов интеграции в общество. Исторический опыт также способствует укреплению межэтнической стабильности и совершенствованию миграционной политики.

Ключевые слова: курдский этнос, депортация, СССР, спецпереселенцы, национальная политика, социально-экономическое положение, Казахстан, этнические меньшинства, адаптация, культурные особенности, постсоветский период, историческая память, сталинизм, реабилитация.

A.M. Jalilov, S.U. Karibaev, Zh.I. Muldakhmetova, A.K. Shashaev

**The Socio-Economic Situation of the Kurdish Ethnic Group
Deported to Kazakhstan in 1937–1944:
Historical Analysis and Contemporary Research**

This scientific article is devoted to a comprehensive study of the socio-material condition of the Kurdish ethnic group during the Soviet and post-Soviet periods. It examines the impact of the national policy implemented by the USSR authorities on the Kurdish ethnic group, its deportation, and the peculiarities of life in Kazakhstan as special settlers. Based on historical documents, archival materials, statistical data, and scientific studies, the article assesses the socio-economic and political situation of the Kurdish ethnic group during the Soviet period. The study analyzes the USSR's policy toward ethnic minorities, legal restrictions, and material conditions imposed on special settlers. Additionally, it explores the economic difficulties faced by the Kurdish ethnic group during the Soviet years, their adaptation process in Kazakhstan after resettlement, and opportunities for labor integration. The post-Soviet period is examined in terms of improvements in the legal status of ethnic groups, changes in the social position of the Kurdish ethnic group, preservation of cultural identity, and integration challenges. The scientific significance of this study lies in the systematic analysis of historical data, while its practical value is in contributing to the regulation of interethnic relations and the preservation of historical memory. This research provides a deeper understanding of the development of the Kurdish ethnic group during the Soviet and post-Soviet periods, assessing its socio-material condition and identifying ways to preserve its cultural identity. Moreover, the findings serve as a basis for analyzing the migration processes of ethnic minorities, their adaptation to new environments, and mechanisms of integration into society. Historical experience also contributes to strengthening interethnic stability and improving migration policies.

Keywords: Kurdish ethnic group, deportation, USSR, special settlers, national policy, socio-economic condition, Kazakhstan, ethnic minorities, adaptation, cultural identity, post-Soviet period, historical memory, Stalinism, rehabilitation.

References

- 1 Etnos [Ethnos]. *Skysmart*. Retrieved from *Skysmart*. [in Russian].
- 2 Deportatsiia [Deportation]. *rus-gos.spbu.ru*. Retrieved from <https://rus-gos.spbu.ru/index.php/words/show/4929> [in Russian].
- 3 Radikov, I.V., & Tozal, M. (2015). Kurdsкое natsionalnoe menshinstvo v Rossii: dva veka resheniia problemy sokhraneniia etnicheskoi samobytnosti [The Kurdish national minority in Russia: two centuries of solving the problem of preserving ethnic identity]. *Politicheskaiia ekspertiza: POLITEKS — Political Expertise: POLITEKS*, 11(2), 50–60 [in Russian].
- 4 TOGA [Turkestan Regional State Archive]. — F. 121. — Op. 6. — D. 1. — L. 134–143 [in Russian].
- 5 GAOPITO [State Archive of Socio-Political History of the Turkestan Region]. — F. 40. — Op. 2. — I. 574. — L. 2–5 [in Russian].
- 6 Polian, P.M. (2001). *Ne po svoei vole: istoriia i geografiia prinuditelnykh migratsii v SSSR* [Not by their own will: the history and geography of forced migrations in the USSR]. M.: OGI — Memorial [in Russian].
- 7 TOGA [Turkestan Regional State Archive]. — F. 121. — Op. 1. — D. 1313. — L. 1–5 [in Russian].
- 8 GAOPITO [State Archive of Socio-Political History of the Turkestan Region]. — F. 40. — Op. 8. — D. 109. — L. 15–17 [in Russian].
- 9 TOGA [Turkestan Regional State Archive]. — F. 121. — Op. 6. — D. 54. — L. 8 [in Russian].
- 10 GAOPITO [State Archive of Socio-Political History of the Turkestan Region]. — F. 40. — Op. 9. — D. 3979. — L. 4–5 [in Russian].
- 11 GAOPITO [State Archive of Socio-Political History of the Turkestan Region]. — F. 364. — Op. 1. — D. 880. — L. 18. [in Russian].
- 12 TsGA RK [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan]. — F. R — 1490. — Op. 1. — D. 13. — L. 5–6 [in Russian].
- 13 Ukaz Prezidiuma Verkhovnogo Soveta SSSR № 135-142 «O sniatii ogranichenii po spetsposeleniiu s krymskikh tatar, balkartsev, turok, grazhdan SSSR, kurdov, khemshinov i chlenov ikh semei, vyseleennykh v period Velikoi Otechestvennoi voiny, 28 apreliia 1956 g.» [Decree of the Presidium of the Supreme Soviet of the USSR No. 135-142 “On the removal of restrictions on special settlement for Crimean Tatars, Balkars, Turks, Soviet citizens, Kurds, Hemshins, and their families, exiled during the Great Patriotic War, April 28, 1956]. (n.d.). *docs.historyrussia.org*. Retrieved from <https://docs.historyrussia.org/ru/nodes/165836> [in Russian].
- 14 Bukshpan, A.S. (1932). *Azerbaidzhanskii kurdy. Lachyn, Kelbadzhar, Nakh.SSR. Zametki* [Azerbaijani Kurds. Lachyn, Kelbadzhar, Nakh. SSR. Notes]. Baku: Azerbaidzhanskii Gos. Nauchno-Issledovatel'skii Institut, Otdelenie Vostoka [in Russian].
- 15 Vilchevskii, O.L. (1961). *Kurdy. Vvedenie v etnicheskuiu istoriiu kurdsogo naroda* [Kurds. Introduction to the ethnic history of the Kurdish people]. Leningrad: Izd-vo Akademii nauk SSSR [in Russian].
- 16 Khalfin, N.A. (1963). *Borba za Kurdistan: kurdskaia vopros v mezhdunarodnykh otnosheniakh XIX veka* [The struggle for Kurdistan: the Kurdish question in international relations of the 19th century]. Moscow: Izdatel'stvo vostochnoi literatury [in Russian].
- 17 Lazarev, M.S. (1964). *Kurdistan i kurdskaia problema (90-e gody XIX veka — 1917 g.)* [Kurdistan and the Kurdish problem (1890s — 1917s)]. Moscow: Nauka [in Russian].
- 18 Nikitin, V.P. (1964). *Kurdy* [Kurds]. Moscow: Progress [in Russian].
- 19 Aristova, T.F. (1966). *Kurdy Zakavkazia: istoriko-etnograficheskii ocherk* [Kurds of Transcaucasia: A historical-ethnographic essay]. N.A. Khalfin. (Ed.). Moscow: Nauka, Glavnaia redaktsiia vostochnoi literatury [in Russian].
- 20 Dzhililov, D.D. (1966). *Vosstanie kurdov 1880 goda* [The Kurdish uprising of 1880]. Moscow: Nauka [in Russian].
- 21 Chatoev, Kh.M. (1965). *Kurdy Sovetskoi Armenii. Istoricheskii ocherk (1920–1940)* [Kurds of Soviet Armenia. A historical essay (1920–1940)]. Yerevan: Izd-vo Akad. nauk Arm. SSR [in Russian].
- 22 Kurdov, K.K. (1972). *Kurdovedenie* [Kurdology]. *Aziatskii muzei — Leningradskoe otdelenie Instituta vostokovedeniia Akademii Nauk SSSR — Asian Museum — Leningrad Branch of the Institute of Oriental Studies of the USSR Academy of Sciences*, 386–399. Moscow: Nauka, GRVL [in Russian].
- 23 Mentesheshvili, A.M. (1984). *Kurdy: Ocherki obshchestvenno-ekonomicheskikh otnoshenii, kultury i byta* [Kurds: Essays on social-economic relations, culture, and everyday life]. Moscow: Nauka [in Russian].
- 24 Gasratian, M.A., Lazarev, M.S., & Mgoian, Sh.Kh. (1987). *Kurdsкое dvizhenie v Novoe i Noveishee vremia* [The Kurdish movement in modern and contemporary times]. Moscow: Nauka [in Russian].
- 25 Poladian, A.P. (1987). *Kurdy v VII-X vekakh (po arabskim istochnikam)* [The Kurds in the 7th-10th centuries (according to Arabic sources)]. Yerevan: Izdatel'stvo Akademii Nauk ArmSSR [in Russian].
- 26 Zhigalina, O.V. (1988). *Natsionalnoe dvizhenie kurdov v Irane (1918–1947 gg.)* [The national movement of the Kurds in Iran (1918–1947)]. Moscow: Nauka [in Russian].
- 27 Aristova, T.F. (1990). *Materialnaia kultura kurdov XIX — pervoi poloviny XX v.: Problema traditsionno-kulturnoi obshchnosti* [Material culture of the Kurds in the 19th and early 20th centuries: The problem of traditional-cultural community]. Moscow: Nauka, Glavnaia redaktsiia vostochnoi literatury [in Russian].
- 28 Gasratian, M.A. (1990). *Kurdy v Turtsii v Noveishee vremia* [The Kurds in Turkey in contemporary times]. Yerevan: Aiastan [in Russian].

- 29 Vasileva, E.I. (1991). *Yugo-Vostochnyi Kurdistan v XVII — nachale XIX veka: Ocherki istorii emiratov Ardelan i Baban* [Southeast Kurdistan in the 17th — early 19th century: Essays on the history of the emirates of Ardelan and Baban]. Moscow: Nauka [in Russian].
- 30 Mgoian, Sh.Kh. (1991). *Kurdsii natsionalnyi vopros v Irake v noveishee vremia* [The Kurdish national question in Iraq in modern times]. Moscow: Nauka, Glavnaia redaktsiia vostochnoi literatury [in Russian].
- 31 Mirzoev, K.I. (2001). *Kurdy. Malaia entsiklopediia: (ocherki istorii i kultury)* [Kurds. A small encyclopedia: (essays on history and culture)]. Almaty: [in Russian].
- 32 Nadirov, N.K. (2003). *My, kurdy-kazakhstantsy: nauchnoe izdanie* [We, the Kurds of Kazakhstan: a scientific edition]. Almaty: Print-S [in Russian].
- 33 Isaeva, L.T. (2010). K voprosu istorii pereseleniia kurdov v Kazakhstan [On the issue of the history of the resettlement of Kurds to Kazakhstan]. *Vestnik Kostanaiskogo gosudarstvennogo pedagogicheskogo instituta — Bulletin of Kostanay State Pedagogical Institute*, 3(19), 89–92 [in Russian].
- 34 Mirzoyev, K.I. (n.d.). Kurds of Kazakhstan and Central Asia. *International Journal of Kurdish Studies*, 2(1), 67–95.
- 35 Dzhaliylov, A.M. (2019). Deportatsiia kurdov iz Gruzii v Kazakhstan [Deportation of Kurds from Georgia to Kazakhstan]. *Qazaqtanu — Qazaqtanu*, 4, 281–286 [in Russian].
- 36 Nabiev, V.G. (2021). Kurd diasporasynyn qalyptasu erekshelekteri [Specific features of the formation of the Kurdish diaspora]. *Abai atyndagy Qazaq ulttyq pedagogikalyq universiteti Khabarshysy. Aleumettanu zhane saiasi gylymdar seriiasy — Bulletin of Abai Kazakh national pedagogical university. Series of Sociological and Political Sciences*, 75(3), 40–47 [in Kazakh].
- 37 Kubashev, A.E. (2024). Kurdskaia diaspora Kazakhstan v novoi geopoliticheskoi i geoeconomicheskoi realnosti [The Kurdish diaspora of Kazakhstan in the new geopolitical and geo-economic reality]. *Izvestiia Kazakhskogo universiteta mezhdunarodnykh otnoshenii i mirovykh yazykov imeni Abylai Khana. Seriya: Mezhdunarodnye otnosheniia i regionovedenie — Bulletin of Abylai Khan Kazakh University of International Relations and World Languages. Series: International Relations and Regional Studies*, 4(58), 124–136 [in Russian].
- 38 Bugai, N.F. (2012). *Kurdsii mir Rossii: politiko-pravovaia praktika, integratsiia, etnokulturnoe vozrozhdenie (1917–2010-e gody)* [The Kurdish world of Russia: political-legal practice, integration, ethno-cultural revival (1917–2010s)]. Saint Petersburg: Aleteiia [in Russian].
- 39 Bugai, N.F. (2013). I.V. Stalin i kurdy v Soiuzе SSR: ot emigratsii do repatriatsii. 1940–1950-e gody [I.V. Stalin and the Kurds in the USSR: from emigration to repatriation. 1940s–1950s]. *Privolzhskii nauchnyi vestnik — Privolzhsky Scientific Bulletin*, 5(21), 31–46 [in Russian].

Авторлар туралы мәліметтер

Джалилов Асан — PhD докторант, Халықаралық Қожа Ахмет Ясауи атындағы қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан, <https://orcid.org/0000-0001-9342-6171>

Карибаев Сарсебай — т.ғ.к., доцент, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университеті, Шымкент, Қазақстан, <https://orcid.org/0000-0002-4255-5800>

Мулдахметова Жанар — т.ғ.к., аға оқытушы, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университеті, Шымкент, Қазақстан, <https://orcid.org/0000-0002-4322-0543>

Шашаев Аuezхан — т.ғ.к., ЖҒК, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, Алматы, Қазақстан, <https://orcid.org/0000-0002-4902-0120>

Information about the authors

Jalilov Assan — PhD Doctoral Student, Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkistan, Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-0001-9342-6171>

Karibaev Sarsebai — Candidate of Historical Sciences, Associate Professor, M. Auezov South Kazakhstan Research University, Shymkent, Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-0002-4255-5800>

Muldakhmetova Zhanar — Candidate of Historical Sciences, Senior Lecturer, M. Auezov South Kazakhstan Research University, Shymkent, Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-0002-4322-0543>

Shashaev Auezhan — Candidate of Historical Sciences, Leading Researcher, Sh.Sh. Ualikhanov Institute of History and Ethnology, Almaty, Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-0002-4902-0120>